

## 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы

**Жобаның атауы:** «Матуриди және Иасауи ілімдері негізінде Абайдың теологиялық тұжырымдамасы»

**ЖТН:** AP19680093

**Жобаның жалпы қаржысы:** 56 784 897 теңге

**Жоба жетекшісі:** Абжалов Султанмурат Утешович

**Тақырыптың өзектілігі:** Абай Құнанбайұлының теологиялық көзқарастары Орта Азия мен Қазақ елінде кең таралған матуриди сенімдік мектебіне негізделгені рас. Абайдың шығармаларында Матуриди, Иасауи, Әбу Ханифа сияқты тұлғалардың теологиялық ұстанымдары бар. Себебі қазақ халқы ханафи мазхабындағы ел. Бұл мазхапта адамдарды жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде бағалау басты орында тұрады. Махаббат басты ұстаным. Сондықтан адамдардың діни ұстанымдарына құрметпен қарауға, құқықтарын сыйлауға шақырады. Осы ұстанымдар Иасауи мен Абайдың шығармаларының басты арқауы. Абай мұрасы арқылы қазақтың діни танымын анықтауға болады. Қазіргі таңда елімізде елдің тұтастығы мен ауызбіршілігіне, діни татулығына, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп жүрген деструктивті топтар бар. Осы жоба Абайға дейінгі және кейінгі қазақ зиялыларының діни көзқарастарын салыстыра зерттеу арқылы қоғамға жат діни идеологияларға қарсы тұруға болады. Сондықтан да Абайдың теологиялық ұстанымдарын анықтау және айқындау бүгінгі күні өте өзекті.

**Тақырыптың мақсаты:** Бұл жобада Абайдың теологиялық көзқарастарын оның «Қара сөздері» мен өлең туындыларында орын алған «діни таным», «діни тәжірибе», «діни сана» және «діни сенім» тұтастығына жауап беретін дінтанулық, теологиялық аспектілерді талдау мақсат етіледі. Яғни Абайдың теологиялық көзқарастарының Матуридилік мектебі мен Иасауи ілімдері арасындағы сабақтастығы зерделеніп, сол арқылы қазақ мұсылмандық түсінігінің болмысы ашылады.

**Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:** Абайдың теологиялық көзқарастары мен Әбу Мансур әл-Матурийдің, Қожа Ахмет Иасауидің ілімдері спектрінен зерделенетін болады. Қазақ мұсылмандық танымы мен түсінігіндегі үш уақыт арасындағы діни аксиологиялық база салыстырылады. Абайдың теологиялық негіздері, қайнар көздері нақтыланады. Сол арқылы қазақ мұсылмандық феноменологиялық және аксиологиялық қабаттары туралы кешенді ғылыми таным қалыптасады.

Зерттеу нәтижесінде Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу; сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 3 (үш) мақала немесе шолу жарияланады. Сонымен қатар діни ағымның жетегінде кеткен жастардың алдын алу бойынша Абай көздеген мұсылмандық үлгісін көрсету мақсатында «Абайдың теологиялық көзқарастары» атты 1 (бір) ұжымдық монография және Абайдың шығармаларында кездесетін діни сөздердің мәнін ашу мақсатында «Діни ұғымдар сөздігі» және 2 оқу құралы дайындалып, басып шығарылады.

Теориялық және тәжірибелік зерттеулер басқа елдермен ынтымақтастықтың стратегиялық перспективаларын ғылыми-теориялық және сараптамалық-талдамалық зерттеулерде қолданыла алады. Зерттеудің нәтижелері дін саласындағы мәселелерді жанжалсыз шешу үшін елдегі әлеуметтік қатынастарды, азаматтық қоғамды әлеуметтік тұрғыдан теңгерімді дамытуға мүмкіндік беретін рухани-тәуелсіз саланы қамтамасыз етеді. Сондай-ақ ғылыми нәтижелер діни экстремизм мен терроризмге қарсы мемлекеттік бағдарламаны қабылдауда, жастар саясатын дамытуда, дін саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда қолданылады.

## Зерттеу тобының мүшелері:

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID	Жобадағы қызметі
1.	Абжалов Султанмурат Утешович	57190444166	ABA-6174-2020	0000-0002-6238-9512	Жоба жетекшісі, Бас ғылыми қызметкер
2.	Кенжетаев Досай Тұрсынбайұлы	57219336356	GZB-1941-2022	0000-0003-0507-1011	Жетекші ғылыми қызметкер
3.	Каратышканова Қымбат Рахметовна	-	-	0000-0001-5722-8231	Аға ғылыми қызметкер
4.	Нурматов Жахангир Ешбайевич	57202089414	AAP-7795-2020	0000-0001-5083-0748	Жетекші ғылыми қызметкер
5.	Мухитдинов Рашид Сражович	56818939600	-	0000-0003-3910-8222	Аға ғылыми қызметкер
6.	Темірханов Батыржан	-	-	-	Аға ғылыми қызметкер
7.	Сәмбет Мейірбек	-	-	-	Кіші ғылыми қызметкер
8.	Мауленкул Биболат Жүнісқұлұлы	-	-	-	Кіші ғылыми қызметкер

## 2023/2024 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі

### 1. ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған отандық басылымдардағы жарияланымдар:

1. С. Абжалов, Б. Темірханов. Абайдың Отыз Сегізінші Қара сөзі желісінде діни сауаттылық мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы, №3 (35) 2023. – Б. 28-39. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v35.i3.r3>

### 2. Шетелдік журналдардағы жарияланымдар:

1) Abzhalov, Sultanmurat – Kuranbek, Asset. “ORD. V.A. GORDLEVSKIY, “HOCA AHMED YESEVI”. TÜRK KÜLTÜRÜ VE HACI BEKTAŞ VELİ ARAŞTIRMA DERGİSİ. – S. 421-428. <https://doi.org/10.60163/hbv.107.024>

### Ғылыми конференцияларда жарияланған мақалалар:

1) Каратышканова Қымбат Рахметовна. Қазақ мұсылмандығы және Абай: Теологияда сенім мәселесі туралы // «ГЛОБАЛЬНАЯ НАУКА И ИННОВАЦИЯ 2023: ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ». №2 (20). СЕНТЯБРЬ 2023. СЕРИЯ «ФИЛОСОФСКИЕ НАУКИ». – С. 30-33.

2) Қымбат Рахметқызы Қаратышканова. Ұлы Жібек жолы бойындағы киелі орындардың діни-ағартушылық мәні мен зияратшылық перспективалары // «Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи-мәдени орындардың туристік әлеуеті және болашақ мүмкіндіктері» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы, 27 қазан. – Шәуілдір, 2023. - Б. 39-46.

Sultanmurat ABZHALOV, Batyrzhan TEMIRKHANOV. Traces of the Hanafi-Maturidi understanding in Abay's works // // 1<sup>st</sup> INTERNATIONAL CONGRESS OF SOCIAL SCIENCES. October 20-21, 2023 / Konya, Türkiye. – P. 169-173.

Z

h

5) Каратышканова К.Р., Мауленкул Б.Ж. Әбу Мансур әл-Матуридидің діни көзқарастарының Абай Құнанбайұлымен сабақтастығы // «Жалпы ғылым мен білімнің жаршысы» Республикалық ғылыми журналы. №5 (4) 2023. – Б.61-65.

a

n

g

i

r